1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

8. Министерство науки и высшего образования Российской Федерации. Национальный проект «Образование» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://edu.gov.ru>

УДК 33.336.02

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨМЕНДЕТУ ЖОЛДАРЫ

Кужебаева Аружан Асхатовна

aruzhan.kuzhebayaeva@gmail.com

Алшынбеков Бақдәулет Қайратұлы

bakdaulet.alshynbekov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 2-курс студенттері , Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Хамитхан

Соңғы жылдары Қазақстандағы инфляция халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін ең өзекті экономикалық мәселелердің біріне айналды. Бағалар күн сайын өзгеріп, азық-түлік, тұрғын үй, көлік және басқа да негізгі тауарлар мен қызметтердің қымбаттауы қарапайым халықтың тұрмысын қиындатып отыр. Көптеген азаматтар жалақысының өсуі инфляция қарқынын қуып жете алмайтынын айтып, алаңдаушылық білдіруде. Бұл мәселені Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше назарға алды. Жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ол Ұлттық банктің теңге мен инфляцияға қатысты жұмысын сынға алып, жағдайдың күрделі екенін атап өтті. "Сарапшылар АҚШ доллары нығайса, теңге бағамына қысым болады деп отыр. Валютаны тұрақты ұстап, жалпы инфляцияны тежеу – өте маңызды жұмыс. Бұл – үкіметпен тығыз байланыста жүргізілетін негізгі жұмыс," – деді Тоқаев. Ресми статистикаға сүйенсек, еліміздегі инфляция деңгейі соңғы жылдары жоғары көрсеткіштерге жетіп, экономикалық тұрақтылыққа айтарлықтай қауіп төндіріп отыр. Бұл жағдай бизнеске, инвестициялық ахуалға, жалпы экономиканың дамуына да кері әсерін тигізеді. Осындай қиындықтарға қарамастан, инфляцияны тежеудің белгілі бір тетіктері мен шешімдері бар. Ендеше, Қазақстандағы инфляцияның негізгі себептері қандай, және оны төмендету үшін қандай шаралар қолдануға болады? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Инфляция – баға деңгейінің тұрақты түрде өсуіне байланысты ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуі. Бұл құбылыс экономиканың түрлі факторларына байланысты туындайды және әртүрлі салаларға әсер етеді. Инфляцияның пайда болуы мен даму қарқынына қарай бірнеше түрлері бар: баяу инфляция , қарқынды инфляция, ұшқыр инфляция, ұшқыр инфляция, басылыңқы инфляция, сұраныс инфляциясы, ұсыныс инфляциясы.[1]

Қазіргі таңда Қазақстанда инфляцияның бірнеше түрі байқалады, олардың ішінде ең кең тарағандары – баяу инфляция, сұраныс инфляциясы және ұсыныс инфляциясы. Қазақстанда жылдық инфляция деңгейі соңғы жылдары орташа 10-20% аралығында өзгеріп отыр. Бұл баяу инфляция шегіне жақын көрсеткіш болып саналады. Мұндай инфляция макроэкономикалық жағдайға айтарлықтай қауіп төндірмегенімен, халықтың сатып алу қабілетіне әсер етеді. Қазақстанда сұраныс инфляциясы да жиі байқалады. Бұл халықтың табысының өсуіне байланысты тұрғын үй, азық-түлік және басқа да қажетті тауарларға сұраныстың артуынан туындайды. Мемлекет әлеуметтік төлемдерді көбейткенде немесе экономикалық өсім болғанда, сұраныс ұсыныстан жоғары болып, бағаның көтерілуіне алып келеді. Қазақстанда өндіріс шығындарының артуы, оның ішінде шикізат, энергия ресурстары мен жалақының өсуі де инфляцияға ықпал етеді. Әсіресе, мұнай мен газ бағасының құбылуы, логистика шығындарының өсуі және сыртқы экономикалық факторлар ұсыныс инфляциясын күшейтеді. Демек , Қазақстанда инфляция негізінен баяу

инфляция, сұраныс инфляциясы және ұсыныс инфляциясы түрінде көрінеді. Мемлекет инфляцияны бақылау үшін ақша-несие саясатын реттеу, субсидиялар беру және өндірісті қолдау сияқты шараларды іске асырып келеді. Дегенмен, сыртқы және ішкі экономикалық факторлардың әсерінен инфляция деңгейін тұрақтандыру маңызды мәселе болып қала бермек.


Қазақстандағы инфляция деңгейіне баға беру үшін 2022-2024 жылдардағы инфляция, себептері, салдары және қазіргі жағдайына талдау жасау керек. Қазақстанда 2022-2024 жылдар аралығында инфляция деңгейі айтарлықтай өзгерді: 2022 жылы күрт өсіп, 2023 жылы баяулай бастады, ал 2024 жылы төмендеу үрдісі жалғасқанымен, кейбір тауарлар мен қызметтер бағасының қымбаттауы тоқтамады. Бұл жағдайдың негізгі себептері қандай? Халық пен экономикаға қандай әсері болды? Алдағы уақытта инфляцияны тұрақтандыру мүмкін бе? Осы сұрақтарға жауап іздеп, инфляция деңгейіне жан-жақты талдау жасап көрейік.

2022 жылы Қазақстанда инфляция ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Қараша айында жылдық инфляция деңгейі 19,6%-ды құрап, бұл соңғы жылдардағы ең жоғары мән болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 24,1%-ға, азық-түлік емес тауарлар 18,6%-ға, ал ақылы қызметтер 14,1%-ға өсті. Азық-түлік өнімдері арасында қант (70,6%), өрік (65,4%), банан (45,8%), ұн (43,7%), макарон өнімдері (42,2%) сияқты тауарлардың бағасы ерекше қымбаттады. Кеңсе тауарлары (67,9%), жуғыш құралдар (43,3%), тұрмыстық техника (26,9%) да біршама қымбаттады. Коммуналдық қызметтердің бағасы да өсті: тұрғын үйді күтіп ұстау 17,2%-ға, қоқыс шығару 17%-ға, электр энергиясы 8,1%-ға қымбаттады. Инфляцияның бұлай күрт өсуіне бірнеше фактор әсер етті. Сыртқы факторлар қатарында Украинадағы соғысқа байланысты әлемдік азық-түлік пен энергетикалық ресурстар бағасының өсуі маңызды рөл атқарды. Қазақстан көптеген өнімдерді импорттайды, сондықтан сыртқы нарықтағы тұрақсыздық ішкі бағаларға тікелей әсер етті. Ішкі факторлар ішінде теңгенің әлсіреуі, өндірістік шығындардың артуы және коммуналдық қызметтер тарифтерінің көтерілуі инфляцияның жоғары болуына ықпал етті. Бұл кезеңде халықтың сатып алу қабілеті едәуір төмендеді. Өнімдер мен қызметтердің қымбаттауы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға ауыр тиді. Кәсіпкерлер де қиындыққа тап болды: шикізат пен тасымалдау шығындарының көбеюі шағын және орта бизнесті тығырыққа тіреді.[2]

2023 жылы инфляция төмендей бастады, қараша айында оның деңгейі 10,3%-ға жетті. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмен көрсеткіш болғанымен, бағаның өсуі жалғасты. Азық-түлік бағасы 9,2%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 9,9%-ға, ақылы қызметтер 12%-ға қымбаттады. Жеке өнімдер бойынша, қырыққабат (55,8%), күріш (37,3%), жүзім (43%) сияқты тауарлар бағасы айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, кейбір өнімдер арзандады: қарақұмық жармасы (20,9%), құмшекер (16,9%), күнбағыс майы (16,4%). Коммуналдық қызметтер тарифтері өсуін жалғастырды: қоқыс шығару 36,3%-ға, су бұру 29,1%-ға, орталықтан жылыту 25,6%-ға, электр энергиясы 16,7%-ға қымбаттады. Инфляцияның баяулауының бірнеше себебі бар. Біріншіден, Ұлттық банк ақша-несие саясатын қатаңдатты, яғни базальқ мөлшерлемені көтеріп, ақша массасын шектеу арқылы инфляцияны тежеуге тырысты. Екіншіден, үкімет баға бақылауын күшейтіп, кейбір әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша субсидиялар енгізді. Үшіншіден, әлемдік азық-түлік нарығындағы жағдай біршама тұрақтанып, логистикалық проблемалар біртіндеп шешілді. Алайда, бұл шаралар инфляцияны толықтай тоқтата алмады. Коммуналдық қызметтер бағасының өсуі, өндірістік шығындардың артуы және кейбір импорттық тауарлардың қымбаттауы баға деңгейін жоғары ұстады.[3]

2024 жылы инфляция одан әрі баяулап, 8,6%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,5%-ға, азық-түлік емес тауарлар 8,3%-ға, ақылы қызметтер 13,3%-ға қымбаттады. Коммуналдық қызметтер тарифтері әлі де өсуде: суық су 43,1%-ға, су бұру 25,7%-ға, электр энергиясы 18,4%-ға қымбаттады. Кейбір азық-түлік өнімдерінің бағасы төмендегенімен, темекі (15,9%), минералды су (15,3%), кондитерлік өнімдер (12,8%) қымбаттады. Жолаушылар көлігі қызметтері де айтарлықтай қымбаттаған (темір жол билеттері – 24,9%,

автобус билеттері – 11,8%). Бұл кезеңде инфляцияның төмендеуіне қарамастан, оның негізгі қозғаушы факторлары әлі де сақталуда. Әсіресе, коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі халықтың шығындарын арттырып, өмір сүру деңгейіне теріс әсер етуде. Сонымен қатар, кейбір салаларда бағаның өсуі жалғасып жатқандықтан, инфляцияның толық тұрақтануы үшін әлі де уақыт қажет.[4]



1-сурет. ҚР жалпы инфляция деңгейінің өзгеруі. (2022-2024 ж.)

2022-2024 жылдардағы инфляцияның динамикасы Қазақстан экономикасының жаһандық өзгерістерге қаншалықты тәуелді екенін көрсетті. Әлемдік нарықтағы тұрақсыздық, энергетикалық ресурстар бағасының құбылмалылығы, теңге бағамының әлсіреуі және ішкі өндірістік шығындардың артуы инфляцияның басты қозғаушы күштері болды.

Қазақстан экономикасының жағдайы инфляция динамикасымен тығыз байланысты. Инфляция мәселесі осы себепке байланысты өзекті болып қала береді. Сондықтан да, инфляциямен күресу қолға алынуы керек. Ол үшін тиімді іс-шаралар мен стратегияларды жүзеге асыру қажет. Инфляциямен күресудің ең маңызды құралдарының бірі – тиімді ақша-несие саясатын жүргізу. Орталық банктің негізгі міндеті – инфляция деңгейін бақылап, бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін бірқатар қатаң шараларды іске асыру қажет.

Инфляцияны тежеу үшін ең алдымен халық пен кәсіпкерлердің шамадан тыс несие алуын шектеу қажет. Бұл үшін Орталық банк базалық пайыздық мөлшерлемені көтеру арқылы арзан несиелердің қолжетімділігін төмендетіп, қарыздық жүктемені азайта алады. Несиелеудің қатаң шарттары экономикадағы артық ақша ұсынысын азайтып, инфляциялық қысымды төмендетуге көмектеседі. Ақша массасының шамадан тыс көбеюі инфляцияның негізгі себептерінің бірі болғандықтан, ұлттық валютаның артық эмиссиясын шектеу маңызды. Орталық банктің алтын-валюта резервін ұлғайту және ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету инфляцияны бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Ақша айналымын тиімді басқару арқылы бағаның тұрақтылығына қол жеткізуге болады. Инфляцияны тежеудің тағы бір маңызды факторы – шетел валютасына тәуелділікті төмендету. Бұл үшін алыпсатарлық операцияларды шектеп, валюталық нарықты бақылауды күшейту қажет. Сонымен қатар, экспортты ынталандыру және импортқа балама өнімдерді өндіру ұлттық валютаға сұранысты арттырып, инфляциялық тәуекелдерді азайтады. Фискалдық саясатты оңтайландыру да инфляциямен күресудің тиімді құралы болып табылады. Мемлекеттік шығыстарды қысқартып, бюджеттік қаражатты мақсатты әрі тиімді пайдалану арқылы инфляцияның өсуін тежеуге болады. Сонымен қатар, салық жүйесін жетілдіру, табысы жоғары азаматтар үшін салық ауыртпалығын арттырып, шағын және

орта бизнеске жеңілдіктер беру экономиканың тұрақтылығына ықпал етеді. Көлеңкелі экономиканы азайту және салықтық түсімдерді ұлғайту үшін бақылау механизмдерін жетілдіру қажет. Өндірістің төмен деңгейі мен импортқа тәуелділік те инфляцияны күшейтетін негізгі факторлардың бірі. Сондықтан отандық өндірісті дамыту, инфрақұрылымды жақсарту және агроөнеркәсіп кешенін қолдау маңызды. Жаңа зауыттар мен фабрикалар ашу, өңдеуші өнеркәсіпке инвестиция тарту арқылы ішкі нарықты сапалы әрі қолжетімді тауарлармен қамтамасыз етуге болады. Азық-түлік инфляциясын төмендету үшін фермерлерге субсидиялар беру, ауыл шаруашылығына қажетті инфрақұрылымды дамыту және логистикалық шығындарды азайту қажет. Сонымен қатар, делдалдар санын қысқарту арқылы өнім бағасының негізсіз қымбаттауын болдырмауға болады. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру – инфляцияның жағымсыз әсерін азайтудың маңызды құралдарының бірі. Азаматтарға қаржыны дұрыс басқару, үнемдеу, инвестициялау және қаржылық дағдарыстардан қорғану әдістерін үйрету экономикалық тұрақтылықты нығайтады. Осылайша, кешенді шараларды жүзеге асыру арқылы инфляция деңгейін бақылап, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге болады. Жалпы инфляция деңгейін төмендету – кешенді және ұзақ мерзімді процесс. Бұл үшін ақша-несие саясаты, бюджеттік-салықтық реформа, өндірістік секторды дамыту, нарықтық бақылауды күшейту және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру сияқты бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Егер мемлекет инфляцияға қарсы күресті дұрыс ұйымдастырып, жоғарыда аталған шараларды тиімді іске асырса, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік алады. Инфляцияны толық бақылауға алу үшін Қазақстан импорттық тәуелділікті азайтып, жергілікті өндірісті дамытуы, логистикалық тізбектерді жақсартуы және энергия тиімділігін арттыруы қажет. Тек осылай ғана елдегі баға тұрақтылығы қамтамасыз етіліп, халықтың өмір сүру деңгейі жақсара алады.

Қазіргі таңда үкімет инфляцияны төмендету үшін бірнеше бағытта жұмыс істеуде: ақша-несие саясатын қатаңдату, отандық өндірісті қолдау, коммуналдық тарифтерді бақылау және әлеуметтік бағдарламаларды күшейту. Бірақ бұл шаралардың тиімділігі уақыт өте келе ғана көрінеді. Негізінен, Қазақстан Үкіметі инфляцияны тұрақтандыру және оның деңгейін төмендету мақсатында бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырып жатыр. Бұл шаралар 2023-2024 жылдарға арналған инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі кешенді жоспар аясында орындалуда. Жоспардың негізгі бағыты – өндіріс көлемін арттыру, логистика мен тауар сақтау жүйесін жетілдіру, бөлшек сауданы реттеу, баға белгілеуді бақылау және монополияға қарсы іс-қимыл жүргізу.

Өнім өндіру көлемін ұлғайту – инфляцияға қарсы күрестің басты бағыттарының бірі. Осы мақсатта ауыл шаруашылығы тауарларын тікелей сатып алуға арналған форвардтық шарттар енгізіліп, тұрақтандыру қорларының жұмысы қайта қаралуда. Сонымен қатар, "Ауыл Аманаты" бағдарламасы аясында 17 мың жеңілдетілген шағын несие беру және 18 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Бұл ауыл халқының табысын арттыруға және отандық өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, сүт-тауарлы фермаларды құру және кеңейту бойынша 24 жоба іске асырылуда. Бұл тәжірибе Солтүстік Қазақстан облысында қолданылып, кейін басқа өңірлерге таратылады. Сонымен қатар, импортты алмастыру мақсатында құрылыс материалдары, жеңіл өнеркәсіп, химия және фармацевтика салаларында жаңа жобалар қолға алынуда. Құс етін өндіру және ет өнімдерін өңдеу бойынша жаңа кәсіпорындар ашылып, ішкі нарық қажеттілігін қамтамасыз ету көзделген. Логистика және тауар сақтау жүйесін жетілдіру де инфляцияны бақылауда маңызды рөл атқарады. Көкөністер мен картопты сақтау үшін инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, тұрақтандыру қорларының маусымаралық кезеңде тауар интервенцияларын жүргізу мүмкіндігі артып келеді. Сонымен қатар, азық-түлік корпорациясы өңдеу кәсіпорындарына шикізат жеткізуді қамтамасыз етеді. Транзиттік ағындарды кеңейту мақсатында жаңа көлік маршруттары әзірленіп, жүк тасымалының отандық үлесін 50%-ға дейін арттыру жоспарланған. Бөлшек сауданы реттеу бағытында да бірқатар шаралар қолға алынуда. Сауда үстемесін бақылау үшін фискалдық деректер операторлары мен электрондық шот-

фактуралар деректері пайдаланылып, делдалдарды анықтау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ірі өндірушілер мен сауда желілері арасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша келісімдер жасалып, апта сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері ұйымдастырылуда. Бұдан бөлек, "KazTrade" АҚ базасында Бағаларды талдау және болжау жөніндегі ахуалдық орталық құрылып, нарықтағы бағаның өсуіне әсер ететін факторларды алдын ала анықтау мүмкіндігі қарастырылған. Баға белгілеуді бақылау, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеу шаралары аясында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының, жанар-жағармайдың, көмір мен дәрі-дәрмектің бағасын тұрақтандыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сауда үстемесінің 15%-дан аспауын бақылау шаралары күшейтіліп, бағаның тұрақты мониторингі жүргізілуде. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін ашық ету және олардың жауапкершілігін арттыру үшін заңнамалық өзгерістер енгізілуде. Жүйелі шаралар шеңберінде инфляцияға мониторинг жүргізу мақсатында цифрлық шешімдер енгізілуде. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау үшін коммуналдық қызмет шығындарын саралап өтеу тетіктері қарастырылған. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібіне жеңілдетілген қаржы ұсыну және "Ұлттық тауар өткізу жүйесін" құру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, Қазақстан Үкіметі инфляцияны бақылау және төмендету бойынша кешенді әрі ауқымды іс-шараларды іске асыруда. Бұл шаралар өндіріс көлемін арттырудан бастап, баға белгілеуді реттеуге дейінгі түрлі бағыттарды қамтып, елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.[5]

Қорытындылай келе, инфляция – кез келген мемлекеттің экономикасына үлкен ықпал ететін күрделі құбылыс. Қазақстанда 2022-2024 жылдар аралығындағы инфляция деңгейінің өзгерісі бағаның өсуін тежей отырып, экономикалық тұрақтылықты сақтау қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Үкімет тарапынан қабылданған шаралар, оның ішінде ақша-несие саясатының қатаңдатылуы, отандық өндірісті қолдау және бағаны бақылау жүйесін күшейту инфляцияны біршама төмендетуге мүмкіндік берді. Алайда, инфляцияны толықтай бақылауға алу үшін ұзақ мерзімді, жүйелі саясат қажет. Қазақстан экономикасының инфляцияға тәуелділігі оның сыртқы факторларға, импортқа және энергетикалық нарықтағы тұрақсыздыққа бейім екенін айғақтайды. Сондықтан инфляциямен күресте ішкі өндірісті дамыту, импорттық тәуелділікті азайту және ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету басты басымдықтардың бірі болуы керек. Сонымен қатар, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру да бағаның негізсіз өсуіне қарсы тиімді құралдардың бірі бола алады. Болашақта Қазақстанның инфляция деңгейін тұрақтандыруы және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуі үшін кешенді реформалар жүргізілуі қажет. Мемлекеттік шығыстарды тиімді пайдалану, шағын және орта бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін қолдау арқылы ішкі нарықтың тұрақтылығы сақталады. Одан бөлек, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін монополияға қарсы шаралар мен нарықтық бақылау күшейтілуі тиіс. Тек осылай ғана халықтың әлауқатын жақсартып, ұлттық экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Саяпил Ә. Экономикалық теория негіздері : практикум / Ә. Саяпил, Ж.Қ. Қарымсақова. - Алматы : Эпиграф, 2019. - 105, [1] б. - ISBN 978-601-310-593-2.
2. 2022 жылғы инфляция деңгейінің статистикасы
<https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/5901/>
3. 2023 жылғы инфляция деңгейінің статистикасы
<https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/663094>
4. 2024 жылғы инфляция деңгейінің статистикасы
[https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/279846/#:~:text=Қазақстан%20Республикасындағы%20инфляция%20туралы%20\(2024%20жылғы%20желтоқсан\)&text=Қазақстан%20Республикасындағы%20инфляция%202023%20жылда,%25%20құрады%20\(алдыңғы%20айдағыдай\).](https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/279846/#:~:text=Қазақстан%20Республикасындағы%20инфляция%20туралы%20(2024%20жылғы%20желтоқсан)&text=Қазақстан%20Республикасындағы%20инфляция%202023%20жылда,%25%20құрады%20(алдыңғы%20айдағыдай).)

5. Инфляция деңгейін төмендету бойынша Қазақстанда жүргізіліп жатқан іс-шаралар мен стратегиялар https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

ӘОЖ 336.027

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ҚАРЖЫНЫҢ РӨЛІ

Мағзұмова Лаззат Кенжебековна

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

Астана қ., Қазақстан Республикасы

lazmag79@mail.ru

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., Бұлақбай Ж.М.

*«Жаһандық қаржы жүйесі инклюзивті,
өркендеген және экологиялық
қауіпсіз болашақты қаржыландыру үшін,
басқаша айтқанда: орнықты дамуға қол жеткізу үшін өзгерісті қажет етеді»
БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы*

Климаттың өзгеруін Біріккен Ұлттар Ұйымы «заманымыздың ең елеулі проблемаларының бірі» деп таныды. 2007 жылы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық тобы жаһандық жылынуды адамның әрекетімен байланыстыратын есепті жариялады [1].

Бүгінгі таңда экологиялық мәселелер мен климаттық өзгерістердің салдары әлемдік қауымдастықтың басты назарында. Қазақстанда тұрақты даму жолында экологиялық тұрақтылық пен экономикалық өсімді үйлестіру қажеттілігін түсініп, жасыл экономикаға көшуге бағытталған стратегиялық қадамдар жасауда. Осы тұрғыда жасыл қаржы – қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, экологиялық таза және әлеуметтік жауапты жобаларды қаржыландыруға арналған қаржы құралдары ерекше маңызға ие.

Жасыл қаржы – бұл тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін инвестициялар мен қаржы механизмдерінің жиынтығы. Қазақстанда жасыл қаржыландыру келесі негізгі құралдар арқылы жүзеге асады:

- Жасыл облигациялар – экологиялық таза жобаларды қаржыландыру мақсатында шығарылатын бағалы қағаздар;
- Экологиялық несиелер — төмен көміртекті және ресурс үнемдейтін жобаларға арналған жеңілдікпен берілетін несие түрлері;
- Жасыл инвестициялық қорлар – жаңартылатын энергия көздері мен экологиялық бастамаларды қаржыландыратын қорлар;
- Көміртек нарығы – кәсіпорындардың көміртек шығарындыларын азайтуға ынталандыратын экономикалық тетік.

Қазақстан жасыл қаржы жүйесін дамыту бағытында бірнеше маңызды қадамдар жасады:

1. «Қазақстанның жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы» (2013 ж.) қабылданып, оның аясында жаңартылатын энергия көздерін дамыту, экологиялық таза технологияларды енгізу және ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері көтерілді [2].

2. Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) аясында 2018 жылы Жасыл қаржы орталығы құрылып, жасыл облигациялар мен экологиялық жобаларды қаржыландыру жүйесі дамытылуда.

3. 2021 жылы Қазақстан Париж келісімі аясында 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа жету міндеттемесін алды, бұл жасыл қаржыға сұранысты арттырып отыр.